

БҚИТУ студенттеріне 2022-2023 оқу жылында «Таза сессия» тақырыбында жүргізілген сауалнама нәтижелері туралы есеп

БҚИТУ студенттерінің қорытынды бақылау нәтижесінің объективтілігін, ашықтығын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттің бақылау мақсатында "Таза сессия" сауалнамасы өткізілген болатын.


Сауалнаманың негізгі мақсаты-құқықтық сананы және студенттердің белсенді азаматтық позициясын қалыптастыру, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру. Студенттер сауалнаманың барлық сұрақтарына мұқият және жауапкершілікпен жауап берді.

Сауалнама арнайы сілтеме https://docs.google.com/forms/d/1pGLA4WLAII8l2_ACDjB1svcS7aEDNCjteiczF_DVidg/edit арқылы онлайн түрде жүргізілді.

Сауалнама 2023 жылдың мамыр айында жүргізілді. Оған 1042 студент қатынасты.


Факультет бойынша көрсеткіш:

Инженерлік-гуманитарлық факультет	63,3%
Тілдер және менеджмент факультеті	20,4 %
Педагогика факультеті	16,1 %




Курс

1 курс	34,7%
2 курс	29,4%
3 курс	15,1%
4 курс	20,5%
5 курс	1,2%




Білім беру бағдарламасы


1.«Сіздің ойыңызша, университеттегі сессия бағалары қаншалықты объективті?» бірінші сұрақ бойынша сауалнамаға "объективті"-96,7%, "объективті емес"-3,1 % деп жауап берді.




2. «Емтиханға дайындық кезінде сізге не ұнамайды?» екінші сұрақ бойынша дайындалу үшін уақыттың аз болуы-14,7%, материалдың жеткіліксіздігі-5,7%, дәріс материалдарының күрделі болуы-10,3%, бәрі сәйкес келеді -66,2%, басқа-1,5% деп есептейді екен.




3. «Емтиханда білімді бағалаудың ең объективті түрін көрсетіңіз» үшінші сұрақ бойынша тестілеу -67,1%, жазбаша -13,7%, ауызша-18,4%, басқа -0,6% деп есептейді екен студенттер.




4. «Сіз рейтингтік ұпайлармен келісесіз бе?» деген төртінші сұрақ бойынша иә- 92,7 %, жоқ-6,4 %, басқа -0,2% деп жауап берген.




5. «Сізге емтихан тапсыру кезінде қалыпты жағдайлардың жасалмауы кездесті ме?» бесінші сұрақ бойынша иә- 13,1%, жоқ-86,2%, басқа-0,2% деп жауап берген студенттер.




6. «Емтихан тапсыру кезінде сізге қысымшылдық жасалды ма?» алтыншы сұрақ бойынша иә- 6,4 %, жоқ-92,8 %, басқа-0,2% деп жауап берілген.



7. «Апелляцияға өтініш беру мүмкіндігі бар ма?» жетінші сұрақ бойынша студенттер - иә- 60,5 %, жоқ- 34,3 %, басқа-1,6% деп жауап берген.




8. «Сіз қалай ойлайсыз, университетте сыбайлас жемқорлық әрекеттері бар ма?» деген сұраққа студенттер иә – 6,7 %, жоқ – 54,5 %, білмеймін – 38,1%, деп жауап берген.



9. «Сіз емтиханды тек ақшалай сыйақы, сыйлықтар (сессия кезеңі) көмек арқылы тапсыруға болатын жағдайларға тап болдыңыз ба?» деген сұраққа студенттер ешқашан – 94,9 %, кейде -3,7 % тұрақты- 0,5 %, басқа -0,6% деп жауап берген.



10. «Сіз қандай формада оқисыз?» деген сұраққа күндізгі-89,5 %, күндізгі-қашықтықтан (жеделдетілген)-10,9 % деп жауап берген студенттер.



Зерттеу нәтижесін талдай отырып, келесі мәселелерді ақтап өтуге болады: оқуға уақытының жетіспеушілігі, материалдың күрделі болуы, апелляцияға өтініш беру мүмкіндігінің жоқтығы, емтихан барысында қысымшылдықтың болуы. Оқу барысында жақсы көрсетіштің бірі студенттер арасында сыбайлас жемқорлық мәселесінің болмауы, дегенмен иә деп жауап беріп отырған студенттердің пайызы 6,7 көрсетіп отыр, яғни бұл мәселені қарастыру керек.

Студенттер өздерінің алған білімдерін жеткілікті деп есептеп, сабақтан алған нашар бағаның нәтижесі өзінің қабілетіне байланысты деп ойлайтынын көрсетіп отыр. Қорытынды бағалау нәтижесін тестілеу жүйесімен алынғанын көпшілік студент қолдайтындығын көруге болады.

Зерттеу нәтижесінің ескертулері мен ұсыныстарын талдау негізінде, ұсынылған модельді жетілдірудің негізгі белгілері:

- барлық студенттерге емтихан тапсырар алдында білім алушының құқықтары мен емтихан ережелері бойынша ақпарат берілгені дұрыс;

- сессия уақытында студенттерге ұсыныстар және кемшіліктерді түзету бойынша шағымдар кітабын ұйымдастырған жөн;

- білім алушылар мен университет қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа не кіретіні, сыбайлас жемқорлық қандай зиян келтіретіні және Қазақстанда, атап айтқанда ЖОО-да сыбайлас жемқорлықпен қалай күресетіні туралы түсіндіру жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отыру керек;

- ЖОО ішіндегі көрнекі материалдарды әзірлеу: білім алушылар тарапынан да, оқытушылар тарапынан да сыбайлас жемқорлыққа баса назар аудара отырып, университеттегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы күреске арналған әлеуметтік жарнама, плакаттар көрсетілуі керек.

Есеп беруші:

Халикова Б.Т.